

**"Ұлан ауданының жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" Ұлан аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 182 шешімге өзгертулер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2015 жылғы 05 наурыздағы N 239 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 01 сәуірде N 3804 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 165 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан аудандық мәслихатының 14.02.2018 № 165 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 1 тармағы 15) тармақшасына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 43, 43-1 баптарына сәйкес Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ұлан аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 182 "Ұлан ауданының жер салығының базалық ставкаларын түзету туралы" шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-17-130 нөмірімен тіркелген, "Ұлан таңы" газетінің 2010 жылғы 11 маусымдағы № 36 санында жарияланған) келесі өзгертулер енгізілсін: аталған шешімнің атауы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ұлан ауданында жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы"; аталған шешімнің кіріспе бөлімі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы " Қазақстан Республикасының Жер кодексі" Кодексінің 8, 11 баптарына сәйкес,

Ұлан аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:"**.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*А. Рағызбаева*

*Аудандық*

*мәслихат хатшысы*

*Н. Сейсембина*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК